

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 102 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 желтоқсанда № 37699 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының жекелеген құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) Қағидалардың 11-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"11. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіппен айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.";

2) Қағидаларға 9-қосымшаның "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымшаның 21-тармағы екінші бөлігінің қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Шетел валютасындағы шарт бойынша мәміле сомасы "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіппен айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.".

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Т. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 102 қаулысымен
бекітілді

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы үшінші бөлігінің 48) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысандарды қоса, есептілікті ұсыну тәртібі, кезеңділігі мен мерзімі айқындалады.

1-1. Қағидалардың қолданысы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамына, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамына, сауда-саттықты ұйымдастырушыға және клирингтік ұйымға қолданылмайды.

Ескерту. 1-тарау 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Есептілікті ұсыну тәртібі

2. Есептілік Ұлттық Банкке есептілікті ұсыну сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынылады.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесіне ақпаратты жүктеу кезінде нысанішілік бақылау жүзеге асырылады. Нысанішілік бақылауды жүзеге асыру кезінде қателер анықталған жағдайда, ақпараттық жүйе ақпаратты қабылдамайды.

4. Көрсетілген есепті кезеңнің нысанішілік бақылаудан өткен ақпаратын "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Веб-порталы" ақпараттық жүйесіне соңғы жүктеудің нақты күні тиісті есепті кезең үшін есептілікті ұсынуды аяқтау күні болып табылады.

5. Басшының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен есептілікті куәландыру есептілікті ұсыну аяқталған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

6. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

7. Басшының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның және орындаушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған есептілік электрондық форматта сақталады.

8. Балама сәйкестендіру нөмірі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының бейрезидент-контрагенттерінің сәйкестендіргіштерінің бірі ретінде болады, есептілікті ұсынатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым үшін бірегей және банк ұйымдарының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның осы тұлғамен өзара қарым-қатынасы кезеңі ішінде өзгермейтін болып табылады.

9. Клиенттің және (немесе) респондент контрагенттің резиденттілігі "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

10. Мәмілелерге дейін ақпаратты нақтылауды көздейтін нысандарда есеп беретін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық жүйесінде мәміленің бірегей сәйкестендіргіші болатын мәміленің (транзакцияның) референсі (коды) көрсетіледі. Референс мәнінің жолында мәтіндік деректер форматы болады және мәтіндік және (немесе) сандық элементтерді қамтиды.

Мәмілелерге дейін ақпаратты нақтылауды көздемейтін нысандарда референс ретінде ұсынылатын деректер жиынтығының бірегей нөмірі көрсетіледі, ол мынадай тәртіпте қалыптастырылады:

алғашқы сегіз символ - "ЖЖЖЖААКК" форматындағы есепті күн, мұнда "ЖЖЖЖ" – жыл, "АА" – ай, "КК" – күн;

бір символ – белгіленген бөлгіш "_";

соңғы алты символ – реттік нөмір (000001 бастап 999999 дейін).

Ақпараттық жүйеде есеп беретін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, мәміленің (транзакцияның) референсі (коды) болмаған кезде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген алгоритмді пайдаланады.

11. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 бірлескен қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) көзделген тәртіпте айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.

12. Қағидаларда көзделген есептер нысандары кестелерінің кез келгені бойынша деректер болмаған кезде ол бойынша мәліметтер ұсынылмайды, бұл туралы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Ұлттық Банкке еркін

нысанда жасалған және есеп беретін ұйымның басшысы қол қойған қағаз тасымалдағыштағы немесе электрондық түрдегі тиісті хатпен осы кесте бойынша мәліметтерді ұсынудың белгіленген мерзімінен кешіктірмейтін мерзімде хабарлайды.

13. Ипотекалық ұйымдар Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар желтоқсан айының қосымша есебін (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар (есепті айда айналымдар болған кезде) желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар (есепті айда айналымдар болған кезде) желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа да жіктелетін активтер және ірі дебиторлар туралы есепті,

басқа да жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ірі дебиторлар бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

ипотекалық ұйымдар басқа да жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті

айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

7) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

8) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын ұсынады.

14. Дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

3) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

4) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа да жіктелетін активтер және ірі дебиторлар туралы есепті,

басқа да жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

5) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген қарыздар және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

6) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

7) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын ұсынады.

15. Ұлттық пошта операторы Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, ай сайын;

желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (оның ішінде есепті айда қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

төртінші тоқсанның қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

3) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

төртінші тоқсанның қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

4) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа да жіктелетін активтер және ірі дебиторлар туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

5) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-1) тармақшаның осы редакциясы 01.07.2026 дейін қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 қаулысымен.

5-1) Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы есеп – есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

6) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

7) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар және олармен жасалған мәмілелер туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

8) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол ақшамен операциялар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың отызынан кешіктірмей, ай сайын ұсынады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тарау 16-1-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірісі мен шығысы туралы есепті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, электрондық форматтағы есептілікті тоқсан сайын ұсынады.

18. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар Ұлттық Банкке Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың есебін – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын ұсынады.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 700-N(D)

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: ипотекалық ұйымдар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын; ипотекалық ұйымдар желтоқсан айының қосымша есебін (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Шот нөмірі	
2	Резиденттік белгісі	
3	Экономика секторлары топтарының коды	
4	Номинация валютасының белгісі	
5	Сомасы	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Баланстық және баланстан
тыс шоттардағы қалдықтар
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп" (индексі – 700-N(D), кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша жасалады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

5. Нысанда және осы түсіндірмеде шоттар нөмірі "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

6. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Нысанда баланстық (активтер, міндеттемелер, меншікті капитал, кіріс, шығыс) және баланстан тыс (шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер, балансқа меморандум шоттары) шоттардағы қалдық туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. Нысанда активтер мен міндеттемелерді мерзім бойынша мынадай жіктеу қабылданды:

қысқа мерзімді – бір жылға дейін қоса алғанда;

ұзақ мерзімді – бір жылдан астам.

9. 1, 2, 3 және 4-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

10. 1-жолда Үлгі шот жоспарына сәйкес келетін шоттың төрт таңбалы нөмірі көрсетіледі.

11. 2, 3 және 4-жолдарда резиденттік белгісі, экономика секторлары тобының коды және номинация валютасының белгісі осы түсіндірменің 16, 17 және 19-тармақтарына сәйкес ерекшеліктерді ескере отырып, осындай нақтылау қолданылатын шоттар бойынша көрсетіледі.

12. 2-жолда мына кодификацияға сәйкес резиденттік белгісі көрсетіледі:

"1" коды – Қазақстан Республикасының резиденті;

"2" коды – Қазақстан Республикасының бейрезиденті.

Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының бейрезиденті ұғымдары "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндерде пайдаланылады.

13. 3-жолда "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес экономика секторлары тобының коды көрсетіледі, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеушімен (ЭСЖ) келісімді болады.

14. 4-жолда актив немесе міндеттеменің номинация валютасының белгісі мынадай көрсетіледі:

"1" коды – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген активтер мен міндеттемелер үшін,

"2" коды – шетелдік еркін конвертацияланатын валютада немесе бағалы қағаздарда номинирленген активтер немесе міндеттемелер үшін;

"3" коды – еркін конвертацияланатын валюталарға жатқызылмаған басқа шетел валютасында номинирленген активтер немесе міндеттемелер үшін;

Еркін конвертацияланатын валюталарға мыналар жатады:

Аустралия доллары (AUD);

Канада доллары (CAD);

Швейцария франкі (CHF);
Қытай юані (CNY);
Дат кронасы (DKK);
Еуро (EUR);
Біріккен Корольдіктің фунт стерлингi (GBP);
Гонконг доллары (HKD);
Мажарстан форинті (HUF);
Жаңа Израиль шекелі (ILS);
Жапон йенасы (JPY);
Корей Республикасының вонасы (KRW);
Мексика песосы (MXN);
Норвегия кронасы (NOK);
Жаңа Зеландия доллары (NZD);
Швед кронасы (SEK);
Сингапур доллары (SGD);
АҚШ доллары (USD);
Оңтүстік Африка рэндi (ZAR).

15. 2 және 3-жолдарда:

активтер бойынша резиденттік белгісі мен дебитордың (эмитенттің) экономика секторлары тобының коды, міндеттемелер бойынша – резиденттік белгісі мен кредитордың экономика секторлары тобының коды көрсетіледі;

1405, 1406, 1425, 1752 және 1864-шоттар үшін вексель берушінің резиденттік белгісі мен кредитордың экономика секторлары тобының коды көрсетіледі;

1201, 1202, 1205, 1206, 1208, 1209, 1452, 1453, 1454, 1456, 1457, 1459, 1481, 1482, 1483, 1485, 1486, 1491, 1492, 1494, 1495, 1744, 1745, 1746, 1750 және 1757-шоттар үшін эмитенттің резиденттік белгісімен экономика секторлары тобының коды көрсетіледі;

2301, 2303, 2306, 2401, 2402, 2405 2406-

шоттар үшін бағалы қағазды ұстаушының резиденттік белгісі мен экономика секторлары тобының коды, бағалы қағазды ұстаушыны анықтау мүмкіндігі болмаған кезде – бағалы қағазды номиналды ұстаушының (сенімгерлік меншік иесінің) резиденттік белгісі мен экономика секторлары тобының коды көрсетіледі.

16. 3-жолда Ұлттық пошта операторына қатысты активтер мен міндеттемелер шоттары бойынша экономика секторлары тобының "5" деген коды көрсетіледі.

17. 1007, 1009, 1603 және 1604-шоттар бойынша:

2-жолда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған бағалы металдардан жасалған монеталар және ұлттық валютадағы коллекциялық монеталар үшін "1" коды көрсетіледі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттерінің бағалы металдардан жасалған монеталары және коллекциялық монеталары үшін "2" коды көрсетіледі;

3 және 4-жолдарда көрсеткіштер толтырылмайды.

18. 3-жолда 1811, 1812, 1813, 1814, 1815, 1816, 1817, 1818, 1819, 1820, 1821, 1822, 1823, 1824, 1825, 1826, 1827, 1831, 1832, 1833, 1834, 1835, 1836, 1837, 1838, 1839, 1840, 1841, 1842, 1843, 1844, 1845, 1871, 1880, 2811, 2812, 2813, 2814, 2815, 2816, 2817, 2818, 2819, 2820, 2831, 2832, 2833, 2834, 2835, 2836, 2838, 2839, 2871, 2874, 2880, 3561, 3562, 3563 және 3564-шоттар бойынша көрсеткіш ұсынылмайды.

19. 4-жолда 1013, 1727, 2016, 2126, 2212, 2216, 2708 және 2717-шоттар бойынша көрсеткіш ұсынылмайды.

20. 2, 3 және 4-жолдарда 1011, 1012, 1601, 1602, 1610, 1651, 1652, 1653, 1654, 1655, 1656, 1657, 1658, 1659, 1660, 1661, 1662, 1691, 1692, 1693, 1694, 1695, 1696, 1697, 1698, 1699, 1854, 1857, 1858, 1859, 1873, 1874, 2854, 2857, 2858, 2859, 2861, 2872, 2873, 3001, 3003, 3025, 3027, 3101, 3200, 3400, 3510, 3540, 3580, 3589, 3599-шаттар және Үлгі шот жоспарының 4 (төртінші), 5 (бесінші), 6 (алтыншы) және 7 (жетінші) сыныптарының шоттары бойынша көрсеткіш ұсынылмайды.

21. 5-жолда үтірден кейін екі таңбалы сан форматында теңгедегі сома көрсетіледі.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-RV.

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

ипотекалық ұйымдар және дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

Ұлттық пошта операторы – есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар және Ұлттық пошта операторы желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Жинау әдісі: электрондық түрде.

№	С а л ы м орналастырылған және (немесе) корреспонденттік және (немесе) ағымдағы шот ашылған екінші деңгейдегі банктің атауы	Елі	Сомасы	Резервтер провизиялар) (
1	2	3	4	5
1	Корреспонденттік шоттар			
1.1.				
...				
2	Ағымдағы шоттар			
2.1.				
...				
3	Талап етілгенге дейінгі салымдар			
3.1.				
...				
4	Мерзімді салымдар			
4.1.				
...				
5	Шартты салымдар			
5.1.				
...				
	Барлығы			

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Екінші деңгейдегі банктерде
орналастырылған салымдардың,
корреспонденттік және
ағымдағы шоттардың талдамасы
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп" (индексі – 1-RV, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады.

Нысанның құндық көрсеткіштері үшін өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер мың теңгемен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 3-жолда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ел көрсетіледі.

5. 4-бағанда есептелген сыйақы және дисконт (сыйлықақы) ескеріле отырып негізгі борыштың сомасы көрсетіледі.

6. Резервтердің (провизиялардың) сомасы абсолюттік мәнде және плюс таңбасымен көрсетіледі.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықпен ұсынылады.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2-PORTF

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын.

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
ипотекалық ұйымдар және дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар:

есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей;

Ұлттық пошта операторы:

есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

төртінші тоқсанның қосымша есебін (қорытынды айналымдарды ескере отырып) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Жинау әдісі: электрондық түрде.

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды	
2	Бағалы қағаздар есепке алынатын портфельдің түрі	
3	Портфельдегі бағалы қағаздар саны	
4	Портфельдегі бағалы қағаздың құндық көрсеткіштері:	
4.1	құндық көрсеткіш түрі	
4.2	шот нөмірі	
4.3	сомасы	

5	Ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар:	
5.1	бағалы қағаздар саны	
5.2	баланстық құны	
6	Репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар:	
6.1	бағалы қағаздар саны	
6.2	баланстық құны	
7	Есепті күнге эмитенттің рейтингі	
8	Есепті күнге бағалы қағаздың рейтингі	
9	Кредиттік тәуекел кезеңі	
10	Есепті күн	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Бағалы қағаздар портфелінің
құрылымы туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанына
қосымша

"Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" (индексі – 2-PORTF, кезеңділігі – ай сайын, тоқсан сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысанның құндық көрсеткіштері үшін өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

4. Нысанда шот нөмірлері "Шот нөмірлері" анықтамалығынан таңдалады.

5. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіш міндетті түрде толтырылады.

6. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Нысанда мәліметтері басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп нысанында көрсетілетін еншілес және қауымдасқан ұйымдардың акцияларына (жарғылық капиталдарға қатысу үлестеріне) салынатын салымдарды және заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына басқа да қатысуды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның борыштық және үлестік бағалы қағаздарға салымдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 1, 2, 4.1, 4.2, 7, 8 және 9-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

9. Нысан есепті айдың соңында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның портфеліндегі әрбір бағалы қағаз бойынша жеке-жеке толтырылады.

10. 1-жолда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN коды) – орталық депозитарий бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына оларды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында беретін әріптік-цифрлық код көрсетіледі. Бағалы қағаздар мен эмитенттердің анықтамалықтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

11. 7 және 8-жолдарда "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды

тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі.

Бірнеше рейтингтік агенттіктің рейтингтері болған кезде берілген күні бойынша ең өзекті рейтинг көрсетіледі. Егер рейтингтер берілген күндер сәйкес келсе, ең төменгі рейтинг көрсетіледі. Бір бағалы қағазға, бір эмитентке рейтингтің бір өзекті мәнінен артық емес мәні сәйкес келеді.

7 және 8-жолдардағы рейтингтердің мәндері Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банк және жергілікті атқарушы органдар шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша көрсетілмейді.

12. 2-жолда есепті күндегі жағдай бойынша бағалы қағаздар есепке алынатын портфельдің түрі көрсетіледі.

13. 4.2 және 4.3-жолдарда мәндер осы бағалы қағаз бойынша сома есепке алынатын "Шот нөмірлері" анықтамалығынан және есепті күнге оларға сәйкес келетін құндық мәндер таңдалады.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар бойынша "Шот нөмірлері" анықтамалығына сәйкес 3-сыныптың шоттарында көрсетілген күтілетін кредиттік шығын үшін резервтер (провизиялар) көрсетіледі.

Егер құндық мәні нөлге тең болса, 4.1, 4.2 және 4.3-жолдар бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

14. 5.2 және 6.2-жолдарда сатып алу құнын, дисконтты (сыйлықақыны), есептелген сыйақыны, оң (теріс) түзетуді (әділ құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар бойынша), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтерді (провизияларды) (амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша) қоса алғанда, есепті күндегі бағалы қағаздардың баланстық құны көрсетіледі. Бұл ретте басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылай активтер бойынша шығынға арналған бағалау резерві қаржылай активтің баланстық құнын азайтпауға тиіс.

5.1 және 5.2-жолдардағы көрсеткіштерде 6.1 және 6.2-жолдарда көрсетілген көрсеткіштердің мәндері де қамтылады.

15. 9-жолда 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) сәйкес есепті күндегі жағдай бойынша бағалы қағаздар жатқызылған кредиттік тәуекел сатысы көрсетіледі. 9-жолдағы көрсеткіш 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) және банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың провизияларын (резервтерін) есептеудің ішкі әдістемесіне сәйкес құнсыздануға қатысты талаптар қолданылмайтын бағалы қағаздар бойынша толтырылмайды.

16. 10-жол бойынша тиісті деректер ұсынылатын есептік күн көрсетіледі.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 3-INVEST

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

ипотекалық ұйымдар және дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар:

есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

ипотекалық ұйымдар желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдар ескерілген) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады;

Ұлттық пошта операторы:

есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

төртінші тоқсанның қосымша есебін (қорытынды айналымдар ескерілген) (есепті айда айналымдар болған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Мәміле референсі	

2	Заңды тұлға туралы мәлімет:	
2.1	атауы	
2.2	сәйкестендіргіш түрі	
2.3	сәйкестендіргіш	
2.4	қатысу түрі	
2.5	резиденттік белгісі	
2.6	тіркелген елі	
2.7	заңды тұлғаның түрі	
3	Сатып алу күніндегі инвестициялар:	
3.1	сатып алу күні	
3.2	сатып алу құны	
3.3	заңды тұлғаның капиталындағы үлес салмағы, %	
4	Есепті күнгі инвестициялар:	
4.1	құн көрсеткішінің түрі	
4.2	шот нөмірі	
4.3	сомасы сумма	
4.4	акциялар саны (дана)	
4.5	заңды тұлғаның капиталындағы үлес салмағы, %	
5	Кредиттік тәуекел сатысы	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні: 20__ жылғы " _____ " _____

Ескертпе: нысан "Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

"Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп" (индексі – 3-INVEST, кезеңділігі – ай сайын, тоқсан сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысанның құндық көрсеткіштері үшін өлшем бірлігі - теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сандармен көрсетіледі.

3. Нысанды толтыру кезінде кодтар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтарға сәйкес көрсетіледі.

4. Нысандағы шот нөмірлері "Шот нөмірлері" анықтамалығына сәйкес көрсетіледі.

5. Осы түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

6. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Нысанда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның еншілес және қауымдасқан ұйымдардың, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларының мөлшері туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 2.2, 2.4, 2.5, 2.7, 4.1, 4.2 және 5-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдалады.

9. 1-жолда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын есеп беретін ұйымның ақпараттық жүйесінде осы мәміленің бірегей сәйкестендіргіші болып табылатын мәміленің референсі (коды) көрсетіледі.

10. 2.1-жолда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын есеп беретін ұйым жүргізетін контрагенттердің анықтамалығына сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым капиталына қатысатын заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Заңды тұлғаларды сәйкестендіру үшін 2.2 және 2.3-жолдарда сәйкестендіргіштердің мынадай түрлері мен олардың мәндері көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының резиденттері бойынша – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері бойынша – Халықаралық стандарттау ұйымының 9362 "Банк ісі. Банктік телекоммуникациялық хабарлар. Банктердің

сәйкестендіру кодтары" халықаралық стандартына сәйкес банктің контрагентіне берілген банктік сәйкестендіру коды, ол болмаған кезде – бизнес-сәйкестендіру нөмірі, банктік сәйкестендіру коды және бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі үшін белгіленген алгоритм бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын есеп беретін ұйым қалыптастырған баламалы сәйкестендіру нөмірі.

2.5-жолда Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға бойынша "1" мәні көрсетіледі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын заңды тұлға бойынша "2" мәні көрсетіледі.

2.6-жолда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін көрсетуге арналған кодтар" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес тіркелген ел көрсетіледі.

11. 3-жолда инвестицияларды сатып алу күніндегі жағдай бойынша мәліметтер көрсетіледі.

3.1-жолда бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені тіркеген күні көрсетіледі. Өзге мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік құқығының пайда болған күні (сәті) көрсетіледі.

3.2-жолда сатып алу күніндегі сатып алу құны теңгемен көрсетіледі.

12. 3.3 және 4.5-жолдарда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тиесілі акциялар санының эмитенттің орналастырылған (артықшылықты және сатып алынғандарды шегергенде) акцияларының жалпы санына пайызбен арақатынасы немесе тиісінше сатып алу күніне және есепті күнге заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу пайызындағы үлесі көрсетіледі.

13. 4.2 және 4.3-жолдардағы мәндер "Шот нөмірлері" анықтамалығынан таңдалады, оларда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың еншілес және қауымдасқан ұйымдардың және басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларының сомасы және есепті күнгі оларға сәйкес келетін құндық мәндер ескеріледі.

Егер құндық мән нөлге тең болса, 4.1, 4.2 және 4.3-жолдар бойынша көрсеткіштер ұсынылмайды.

14. 4.4-жолда акциялардың саны бірлікпен (данамен) көрсетіледі. 4.4-жолда ондық түрде, үтірден кейін екі белгімен ұсынылатын бөлшек санды (жарғылық капиталдарға қатысу құралдары үшін) көрсетуге рұқсат етіледі.

15. 5-жолда 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) сәйкес есепті күндегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын есеп беретін ұйымның инвестициялары жатқызылған кредиттік тәуекел сатысы көрсетіледі.

5-жолдағы көрсеткіш 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (International Financial Reporting Standards – IFRS) және Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның провизиялар (резервтер) есебінің ішкі әдістемесіне сәйкес құнсыздануға қатысты талаптар қолданылмайтын инвестициялар бойынша толтырылмайды.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына
5-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Басқа да жіктелетін активтер және ірі дебиторлар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 4-DEBTORS

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

басқа да жіктелетін активтер туралы мәліметтер бөлігінде:

ипотекалық ұйымдар және дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар –есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

Ұлттық пошта операторы – есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

ипотекалық ұйымдар және Ұлттық пошта операторы желтоқсан айының қосымша есебін (қорытынды айналымдар ескерілген) (есепті айда айналымдар болған кезде) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей;

ірі дебиторлар туралы мәліметтер бөлігінде:

ипотекалық ұйымдар және дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар –есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын;

Ұлттық пошта операторы –есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын.

есепті күндегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылатын сақтандыру ұйымында сақтандырылған банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиенттерінің қарыздарының жалпы сомасы.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына
10-қосымша
Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан: www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірісі мен шығысы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 9-УО.

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей, тоқсан сайын.

Бизнес сәйкестендіру нөмірі:

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Активтердің, міндеттемелердің және капиталдың құрылымы

(мың теңгемен)

жол коды	Активтер	есепті кезеңнің басында	есепті кезеңнің соңында
1	2	3	4
	Активтер		
1	Ақша, оның ішінде		
1.1	кассадағы қолма-қол ақша		

1.2	банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы шоттардағы акша		
2	Орналастырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде), оның ішінде		
2.1	талап етілгенге дейінгі салымдар		
2.2	шартты салымдар, оның ішінде:		
2.2.1	қысқа мерзімді шартты салымдар		
2.2.2	ұзақ мерзімді шартты салымдар		
2.3	мерзімді салымдар, оның ішінде:		
2.3.1	қысқа мерзімді салымдар (1 жылға дейін қоса алғанда)		
2.3.2	ұзақ мерзімді салымдар (1 жылдан астам)		
2.4	жинақ салымдар, оның ішінде:		
2.4.1	қысқа мерзімді жинақ салымдары (1 жылға дейін қоса алғанда)		
2.4.2	ұзақ мерзімді жинақ салымдары (1 жылдан астам)		
3	Дебиторлық берешек, оның ішінде:		
3.1	қызметкерлердің дебиторлық берешегі		
3.2	шаруашылық қызмет бойынша дебиторлық берешек		
3.3	құрылтайшылардың (қатысушылардың) дебиторлық берешегі		
3.4	басқа да дебиторлық берешек		
4	Қорлар, оның ішінде:		
4.1	аффинирленген құйма алтын		

4.2	басқа қорлар		
5	Материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған шығынды шегергенде)		
6	Негізгі құралдар (амортизацияны және құнсызданудан болған шығынды шегергенде), оның ішінде:		
6.1	ғимараттар мен құрылыстар		
6.2	машиналар мен жабдықтар		
6.3	басқа да негізгі құралдар		
7	Салықтық талап, оның ішінде:		
7.1	ағымдағы салық талабы		
7.2	кейінге қалдырылған салық талабы		
8	Басқа активтер		
9	Активтер жиыны		
	Міндеттемелер		
10	Алынған қарыздар, оның ішінде:		
10.1	қысқа мерзімді қарыздар (1 жылға дейін қоса алғанда)		
10.2	ұзақ мерзімді қарыздар (1 жылдан астам)		
11	Кредиторлық берешек, оның ішінде:		
11.1	еңбекке ақы төлеу бойынша кредиторлық берешек		
11.2	шаруашылық қызмет бойынша кредиторлық берешек		
11.3	қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша кредиторлық берешек		
12	Салық міндеттемесі, оның ішінде:		
12.1	ағымдағы салық міндеттемесі		

12.2	кейінге қалдырылған салық міндеттемесі		
13	Басқа міндеттемелер		
14	Міндеттемелер жиыны		
	Меншікті капитал		
15	Жарғылық капитал		
16	Резервтер, оның ішінде:		
16.1	резервтік капитал		
16.2	басқа резервтер		
17	Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын), оның ішінде:		
17.1	алдыңғы жыл		
17.2	есепті кезең		
18	Капитал жиыны		
19	Капитал мен міндеттемелер жиыны		

2-кесте. Кіріс пен шығыс

(мың теңгемен)

жол коды	Көрсеткіштердің атауы	есепті кезең үшін
1	2	3
1	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кіріс	
2	Аффинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша кіріс	
3	Сыйақы алуға байланысты кіріс, оның ішінде:	
3.1	ағымдағы шоттар бойынша	
3.2	орналастырылған салымдар бойынша	
3.3	сыйақы алуға байланысты басқа да кіріс	
4	Шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс	
5	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан кіріс	
6	Басқа да кіріс	
7	Кірістер жиыны	
8	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыс	
9	Аффинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шығыс	

10	Сыйақы төлеуге байланысты шығыс, оның ішінде:	
10.1	алынған қарыздар бойынша	
10.2	жалдау бойынша міндеттемелер бойынша	
10.3	сыйақы төлеуге байланысты басқа да шығыс	
11	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс	
12	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан шығыс	
13	Комиссиялық шығыс, оның ішінде :	
13.1	кассалық операциялар бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық шығыс	
13.2	сейфтік операциялар бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық шығыс	
13.3	банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша көрсеткен қызметі үшін комиссиялық шығыс	
14	Операциялық шығыс, оның ішінде :	
14.1	еңбекке ақы төлеу және іссапар шығысы	
14.2	амортизациялық аударымдар	
14.3	корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтарды және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеу бойынша шығыс	
14.4	әкімшілік шығыс	
15	Басқа да шығыс	
16	Шығыс жиыны	
17	Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (шығын)	
18	Корпоративтік табыс салығы	
19	Тіркелген салық	
20	Корпоративтік табыс салығын төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын)	
21	Токтатылған қызметтен пайда (шығын)	

3-кесте. Корпоративтік табыс салығы бойынша деректер

(мың теңгемен)

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	есепті кезең үшін (тоқсан)	ағымдағы жылдың басынан басталған кезең үшін (өспелі жиын)
1	Алдыңғы салық кезеңі үшін бюджетке енгізілген корпоративтік табыс салығының сомасы		
2	Есепті салық кезеңі үшін бюджетке енгізілген корпоративтік табыс салығының сомасы		
3	Есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының болжамды есептеу сомасы		

Қызметкерлер саны (есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша)

_____ адам

Жеке кәсіпкерлік субъектісінің санаты

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " _____ " _____

Ескертпе: нысан "Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірісі мен шығысы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қызметін Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларына

арналған лицензиясы
негізінде тек қана айырбастау
пункттері арқылы жүзеге
асыратын заңды тұлғаның
активтерінің, міндеттемелерінің
құрылымы және капиталы, кірісі
мен шығысы туралы есеп"
әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына қосымша

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірісі мен шығысы туралы есеп" (индексі – 9-УО, кезеңділігі – тоқсан сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірісі мен шығысы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) есепті ұсынуға берілген мерзім өткеннен кейін бір ай ішінде енгізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-кестеде:

1) коды 1.1 "кассадағы қолма-қол ақша" жолында "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан

Республикасы Қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі – Шоттар жоспары) 1010 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 1.2 "банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы шоттардағы ақша" жолында Шоттар жоспарының 1030 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

2) коды 2.1 "талап етілгенге дейінгі салымдар" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 03, 1270 22, 1150 12, 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.2.1 "қысқа мерзімді шартты салымдар" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 05, 1270 24 және 1150 12 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.2.2 "ұзақ мерзімді шартты салымдар" жолында Шоттар жоспарының 2040 08 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2040 02, 2170 24 және 2040 09 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.3.1 "қысқа мерзімді салымдар (қоса алғанда 1 жылға дейін)" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 02, 1150 04, 1270 23 және 1150 12 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.3.2 "ұзақ мерзімді салымдар (1 жылдан астам)" жолында Шоттар жоспарының 2040 08 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2040 01, 2170 23 және 2040 09 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.4.1 "қысқа мерзімді жинақ салымдары (қоса алғанда 1 жылға дейін)" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 06, 1270 38 және 1150 12 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.4.2 "ұзақ мерзімді жинақ салымдары (қоса алғанда 1 жылға дейін)" жолында Шоттар жоспарының 2040 08 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2040 03, 2170 22 және 2040 09 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

3) коды 3.1 "қызметкерлердің дебиторлық берешегі" жолында Шоттар жоспарының 1290 01 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1250 , 1610 01, 1610 03, 2150 және 2910 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 3.2 "шаруашылық қызмет бойынша дебиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 1290 01 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1210, 1240, 1260, 1620 02, 2110, 2140 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 3.4 "басқа дебиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 1290 01 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1280 10 және 2180 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

4) коды 4.1 "аффинирленген құйма алтын" жолында Шоттар жоспарының 1370 және 1380 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 4.2 "басқа да қорлар" жолында Шоттар жоспарының 1360 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1350 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

5) коды 5 "материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан шығынды шегергенде)" жолында Шоттар жоспарының 2740 және 2750 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2730 шоты бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

6) коды 6 "Негізгі құралдар (амортизацияны және құнсызданудан шығынды шегергенде)" жолында Шоттар жоспарының 2420, 2430 және 2450 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2410 және 2440 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

7) коды 7.1 "ағымдағы салық талабы" жолында Шоттар жоспарының 1400 тобының шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

коды 7.2 "кейінге қалдырылған салық талабы" жолында Шоттар жоспарының 2810 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

8) коды 8 "басқа да активтер" жолында Шоттар жоспарының 1630 және 2940 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 8 "басқа да активтер" жолында 3 және 7 кодтары бар жолдарда ескерілмеген активтер ескеріледі;

9) коды 10.1 "қысқа мерзімді қарыздар (қоса алғанда 1 жылға дейін)" жолында Шоттар жоспарының 3050 06 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 3010, 3020, 3050 05 және 3380 25 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 10.2 "ұзақ мерзімді қарыздар (1 жылдан астам)" жолында Шоттар жоспарының 4030 12 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 4010, 4020, 4030 11 және 4160 23 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

10) коды 11.1 "еңбекақы төлеу бойынша кредиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 3350 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 11.2 "шаруашылық қызмет бойынша кредиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 3310, 3340, 3360, 3370, 3510, 4110, 4140, 4150 және 4410 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 11.3 "қатысушылардың дивидендтері мен кірісі бойынша кредиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 3030-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

11) коды 12.1 "ағымдағы салық міндеттемелері" жолында Шоттар жоспарының 3100-тобының шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

коды 12.2 "кейінге қалдырылған салық міндеттемелері" жолында Шоттар жоспарының 4310-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

12) коды 13 "басқа да міндеттемелер" жолында Шоттар жоспарының 3540 және 4430-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 13 жолда өзге міндеттемелерде кодтары 10-нан 12-ге дейінгі жолдарда ескерілмеген берешек ескеріледі;

13) коды 15 "жарғылық капитал" жолында Шоттар жоспарының 5030 және 5320-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

14) коды 16.1 "резервтік капитал" жолында Шоттар жоспарының 5410, 5420, 5430 және 5450-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 16.2 "басқа да резервтер" жолында Шоттар жоспарының 5460-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

15) коды 17.1 "өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (өтелмеген шығын)" жолында Шоттар жоспарының 5520-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 17.2 "есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (өтелмеген шығын)" жолында Шоттар жоспарының 5610-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

16) 1-кестені толтыру кезінде мынадай талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

коды 1 жол = кодтары 1.1 және 1.2 жолдардың қосындысына;

коды 2 жол = кодтары 2.1, 2.2, 2.3 және 2.4 жолдардың қосындысына;

коды 2.2 жол = кодтары 2.2.1 және 2.2.2 жолдардың қосындысына;

коды 2.3 жол = кодтары 2.3.1 және 2.3.2 жолдардың қосындысына;

коды 2.4 жол = кодтары 2.4.1 және 2.4.2 жолдардың қосындысына;

коды 3 жол = кодтары 3.1, 3.2, 3.3 және 3.4 жолдардың қосындысына;

коды 4 жол = кодтары 4.1 және 4.2 жолдардың қосындысына;

коды 6 жол = кодтары 6.1, 6.2 және 6,3 жолдардың қосындысына;

коды 7 жол = кодтары 7.1 және 7.2 жолдардың қосындысына;

коды 10 жол = кодтары 10.1 және 10.2 жолдардың қосындысына;

коды 11 жол = кодтары 11.1, 11.2 және 11.3 жолдардың қосындысына;

коды 12 жол = кодтары 12.1 және 12.2 жолдардың қосындысына;

коды 16 жол = кодтары 16.1 және 16.2 жолдардың қосындысына;

коды 17 жол = кодтары 17.1 және 17.2 жолдардың қосындысына;

коды 18 жол = кодтары 15, 16 және 17 жолдардың қосындысына;

коды 9 жол = коды 19 жол.

6. 2-кестеде:

1) коды 1 "шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кіріс" жолында Шоттар жоспарының 6280 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

2) коды 2 "аффинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша кіріс" жолында Шоттар жоспарының 6280 01-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

3) коды 3.1 "ағымдағы шоттар бойынша" жолында Шоттар жоспарының 6110 28-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 3.2 "орналастырылған салымдар бойынша" жолында Шоттар жоспарының 6110 29, 6110 31, 6110 30 және 6110 35-шоттары бойынша қалдықтардың сомасы көрсетіледі;

коды 3.3 "сыйақы алуға байланысты басқа да кіріс" жолында Шоттар жоспарының 6110 34-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

4) коды 4 "шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс" жолында Шоттар жоспарының 6250 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

5) коды 5 "аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан кіріс" жолында Шоттар жоспарының 6280 05-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

6) коды 6 "басқа да кіріс" жолында Шоттар жоспарының 6280 06 және 6220-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

7) коды 8 "шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7470 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

8) коды 9 "аффинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7470 01-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

9) коды 10.1 "алынған қарыздар бойынша" жолында Шоттар жоспарының 7310 24-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 10.2 "жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша" жолында Шоттар жоспарының 7350-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 10.3 "сыйақы төлеуге байланысты басқа да шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7310 25-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

10) коды 11 "шетел валютасын қайта бағалаудан шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7430 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

11) коды 12 "аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7470 07-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

12) коды 13.1 "кассалық операциялар бойынша қызметтер үшін комиссиялық шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7470 23-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 13.2 "сейф операциялары бойынша қызметтер үшін комиссиялық шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7470 24-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 13.3 "банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызметтер үшін комиссиялық шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7470 25-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

13) коды 14.2 "амортизациялық аударымдар" жолында Шоттар жоспарының 7490 01 және 7490 05-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 14.3 "корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеу бойынша шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7220-тобының шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

коды 14.4 "әкімшілік шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7210 және 7450-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

14) коды 15 "басқа да шығыс" жолында Шоттар жоспарының 7420 және 7410-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 15 жолда өзге шығысқа электрондық түрде жүргізілетін айырбастау операцияларының есебін жүргізу үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтылымға немесе компьютерлік жүйеге ілеспе қызмет көрсету, өрт, күзет, дабыл сигнализацияларының техникалық құралдарына қызмет көрсету бойынша шығыс және басқа да жатады;

15) коды 18 "корпоративтік табыс салығы" жолында есепті кезеңде бюджетке енгізілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) коды 21 "тоқтатылған қызметтен пайда (шығын)" жолында Шоттар жоспарының 6310 және 7510-шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

17) 2-кестені толтыру кезінде мынадай талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

коды 3 жол = кодтары 3.1, 3.2 және 3.3 жолдардың қосындысына;

коды 10 жол = кодтары 10.1, 10.2 және 10.3 жолдардың қосындысына;

коды 13 жол = кодтары 13.1, 13.2 және 13.3 жолдардың қосындысына;

коды 14 жол = кодтары 14.1, 14.2, 14.3 және 14.4 жолдардың қосындысына.

7. 3-кестеде:

1) коды 1 жолда алдыңғы салық кезеңінде бюджетке енгізілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) коды 2 жолда есепті салық кезеңінде бюджетке енгізілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) коды 3 жолда есепті салық кезеңінде бюджетке төленетін корпоративтік табыс салығының болжамды есептеу сомасы көрсетіледі.

8. Шоттарды есептілік баптарына топтастыру кезінде олардың қайталануына жол берілмейді.

9. Топтау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 7121 болып тіркелген) бекітілген "Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа", Шоттар жоспарына және уәкілетті ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына
11-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 10-CASH-IN-TRANSIT.

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Жинау әдісі: электрондық түрде.

Жол коды	Көрсеткіш	Мәні немесе сомасы
1	Есепті кезең ішінде үй-жайларда өзгерістердің болуы (иә, жоқ)	
2	Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының саны, оның ішінде:	
2.1	меншік құқығында	
3	Жарғылық капитал (миллион теңгемен)	
3.1.	Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға ғана арналған жарғылық капитал (миллион теңгемен)	
	Банкноттарды, монеталар және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, буып-түю, сактау,	

3.2	сондай-ақ оларды банктердің тапсырмасы бойынша банктерге және олардың клиенттеріне беру бойынша қосымша қызметті жүзеге асыруға арналған жарғылық капитал (миллион теңгемен)	
4	Заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) туралы мәліметтер (тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда))	
4.1.	Резиденттік туралы мәліметтер (иә, жоқ)	
4.2.	Террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде болмауы туралы мәліметтер (бар, жоқ)	
5.	Атқарушы органның басшысы туралы мәліметтер (тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда))	
5.1.	Резиденттік туралы мәліметтер (иә, жоқ)	
5.2.	Жоғары білімнің болуы (бар, жоқ)	
5.3.	Қаржылық қызмет көрсету саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы (бар, жоқ)	
5.4.	Алынбаған немесе өтелмеген соттылығының бар болуы (болмауы) туралы мәліметтер (бар, жоқ)	
5.5.	Денсаулық сақтаудың психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдарында есепте тұрмағандығы туралы мәліметтер (бар, жоқ)	
5.6.	Террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен	

	адамдардың тізбесінде болмауы туралы мәліметтер (бар, жоқ)	
6.	Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша функциялары бар заңды тұлғаның қызметкері туралы мәліметтер	
6.1.	Резиденттік туралы мәліметтер (иә, жоқ)	
6.2.	Денсаулық сақтаудың психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдарында есепте тұрмағандығы туралы мәліметтер (бар, жоқ)	
6.3.	Алынбаған немесе өтелмеген соттылығының бар болуы (болмауы) туралы мәліметтер (бар, жоқ)	
6.4.	Террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде болмауы туралы мәліметтер (бар, жоқ)	
7	Қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттары туралы мәліметтер (нөмірі, берілген күні және қолданылу мерзімі)	
8	Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялаудың қолданыстағы шарттарының саны (объектілер санын ашып көрсете отырып)	
9	Есепті кезеңде инкассацияланған қолма-қол ақшаның көлемі (мың теңгемен)	
9.1.	оның ішінде 1 (бір) инкассатор тасымалдайтын қолма-қол ақша көлемінің орташа сомасы (мың теңгемен)	
10	Қайта есептеу, сұрыптау, буып-түю және сақтау бойынша қосымша қызметті жүзеге асыру (иә, жоқ)	

11	Жұмыскерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	
11.1.	басқарушы персонал	
11.2.	техникалық персонал	
11.3.	инкассаторлар	
11.4	өзге де қызметкерлер	
12	Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша қызметті жүзеге асырудан кіріс (мың теңгемен)	
13	Екінші деңгейдегі банктердегі және Ұлттық пошта операторындағы шоттардағы ақша (мың теңгемен)	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " _____ " _____

Ескертпе: нысан "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың есебі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

"Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың есебі" (индексі – 10-CASH-IN-TRANSIT, кезеңділігі – тоқсан сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың есебі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-жолда есепті кезең ішінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – инкассациялық ұйымдар) үй-жайларында өзгерістердің (орналасқан жерінің, ауданының өзгеруі, үй-жайлардың құрылысындағы өзгерістер) болуы (болмауы) туралы мәліметтер көрсетіледі.

4. 2-жолда банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының жалпы саны көрсетіледі.

2.1-жолда инкассаторлық ұйымға меншік құқығында тиесілі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының саны көрсетіледі.

5. 3-жолда ақшалай нысанда толық көлемде қалыптастырылған жарғылық капитал көрсетіледі.

3, 3.1, 3.2-жолдар "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19612 болып тіркелген) бекітілген Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларына (бұдан әрі – Лицензия беру қағидалары) сәйкес ұсынылған жарғылық капитал туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

6. 4-жолда инкассаторлық ұйым құрылтайшыларының (қатысушыларының) тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

4, 4.1 және 4.2-жолдар Лицензия беру қағидаларына сәйкес ұсынылған құрылтайшылар (қатысушылар) туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

7. 5-жолда инкассаторлық ұйым басшысының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

5, 5.1, 5.2, 5.3, 5.4, 5.5 және 5.6-жолдар Лицензия беру қағидаларына сәйкес ұсынылған басшы туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

8. 6-жолда банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі функциялары бар инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

6, 6.1, 6.2, 6.3 және 6.4-жолдар Лицензия беру қағидаларына сәйкес ұсынылған банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі функциялары бар инкассаторлық ұйымның қызметкерлері туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

9. 8-жолда қызмет көрсетілетін инкассация объектілерінің жалпы санын көрсете отырып, есепті күні қолданыста болған және инкассаторлық ұйым орындайтын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау шарттарының жалпы саны көрсетіледі.

10. 9-жолда есепті кезеңде инкассаторлық ұйым нақты инкассациялаған қолма-қол ақшаның жалпы сомасы көрсетіледі.

9.1-жолда 1 (бір) инкассатор тасымалдайтын қолма-қол ақша көлемінің орташа сомасы көрсетіледі.

11. 11-жолда қызметкерлердің тізімдік саны көрсетіледі.

11.1, 11.2, 11.3, 11.4-жолдарда қызметкерлердің тізімдік санының құрамдас бөлігі болып табылады.

12. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықпен ұсынылады.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың
есептілікті ұсыну қағидаларына
12-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 11-CASH

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Ұлттық пошта операторы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей, ай сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Клиенттердің операциялары бойынша мәліметтер

№	Көрсеткіштің атауы	Мәні (сомасы)
1	2	3
1	Референс	

2	Өңір	
3	Есеп айырысу-кассалық бөлімше	
4	Операция санаты	
5	Клиент түрі	
6	Кәсіпкерлік субъектісінің санаты	
7	Клиенттің экономикалық қызмет түрі	
8	Операция түрі	
9	Сомасы	

2-кесте. Кассалық операциялар бойынша мәліметтер

№	Көрсеткіштің атауы	Мәні (сомасы)
1	2	3
1	Референс	
2	Өңір	
3	Операция санаты	
4	Операция түрі	
5	Сомасы	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қолма-қол ақшамен
операциялар туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

"Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп" (индексі – 11-CASH, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан есепті айдың соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі – теңге. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы санмен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Нысанның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) электрондық құрылғылар – POS-терминалдарды қоспағанда, қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру жөніндегі кассалық операцияларға не операциялардың өзге де түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған банкоматтар, электрондық терминалдар және өзге де құрылғылар;

2) POS-терминал – төлем карточкаларын пайдалана отырып және Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесімен қосыла отырып, қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы.

5. Егер тиісті көрсеткіштің осы Түсіндірмесінде өзгеше көзделмесе, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Есеп нысанында заңды (барлық меншік нысанындағы), жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер кассалар, электрондық құрылғылар және Ұлттық пошта операторының POS-терминалдары арқылы қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырған операциялар (кіріс, шығыс) туралы мәліметтер беріледі.

7. 1 және 2-кестелердің 1-жолы есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйеде есеп жолының сәйкестендірушісі болып табылатын референсті көрсетуге арналған. Референс Ұлттық пошта операторы үшін қолма-қол ақшамен операция туралы мәліметтерді ұсынатын бірегей болып табылады.

8. 1-кестенің 2, 3, 4, 5, 6 және 8-жолдарында және 2-кестенің 2, 3 және 4-жолдарында мәндер Нысан берілетін ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардан көрсетіледі.

1-кестенің 2-жолында және 2-кестенің 2-жолында өңірлер облыс немесе республикалық маңызы бар қала деңгейінде "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуші" (ӘАОЖ) 11-2025 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес толтырылады.

9. 1-кестенің 3-жолында Ұлттық пошта операторы жүргізетін анықтамалыққа сәйкес қолма-қол ақшамен кіріс-шығыс операциясы жүзеге асырылған Ұлттық пошта операторының есеп айырысу-кассалық бөлімшесі көрсетіледі.

Көрсеткіш электрондық құрылғылар және POS-терминалдар арқылы жасалған қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын қоспағанда, барлық операциялар бойынша толтыру үшін міндетті болып табылады.

10. 1-кестенің 6-жолында кәсіпкерлік субъектісінің санаты (заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттер бойынша) көрсетіледі.

11. 1-кестенің 7-жолында "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші" 03-2019 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттердің экономикалық қызметінің түрі көрсетіледі.

12. 1-кестенің 8-жолы мынадай кіріс пен шығыс баптарына жіктеледі:

1) қолма-қол ақша кірісінің баптары:

"Тауарларды, қызметтерді және орындалған жұмыстарды өткізуден түсетін түсімдер" бабында:

барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден;

сауда, сол сияқты саудамен айналыспайтын кәсіпорындардың тауарларды сатуынан ;

заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің негізгі қызметін құрайтын қызметтер мен жұмыстар: тұрмыстық, медициналық, заңгерлік, жөндеу-құрылыс, салт-дәстүрлік қызметтер мен білім беру саласындағы қызметтер түрлерінен;

заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден банк қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы төлеуге қолма-қол ақшаның (бюджетке төлемдерді қабылдау үшін бланкілер үшін алымдар және басқалары) түсуі;

заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер қызметінің негізгі түріне жатпайтын, бірақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін қызметтер мен жұмыстардың жоғарыда аталған түрлерінен, сондай-ақ басқа да қызметтер түрлерін көрсетуден қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Шоттарға түсімдер" бабында салымдарды, ағымдағы және карточкалық шоттарды толықтыру үшін Ұлттық пошта операторының кассаларына заңды, жеке тұлғалардан және дара кәсіпкерлерден қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) Қазақстан Республикасы бойынша бір жолғы аударым үшін жеке тұлғалардан түсетін түсімдер" бабында ақша аударымдары жүйесі арқылы (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардың пайдасына аударымдарды жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ақша аударымдары жүйелері арқылы (шот ашпастан) шетелге бір жолғы аударым үшін жеке тұлғалардан түсетін түсімдер" бабында ақша аударымдары жүйесі арқылы (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі басқа тұлғалардың пайдасына аударымдарды жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қарыздарды өтеу" бабында қарыздарды өтеу және олар бойынша есептелген сыйақы есебіне жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарына қолма-қол ақша түсімдері, сондай-ақ басқа қаржы ұйымдарында ресімделген қарыздарды өтеу үшін шот ашпастан төлемдерді қабылдау көрсетіледі;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдері" бабында жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің шоттарына электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қолма-қол ақша кірісінің" жоғарыда келтірілген баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақша түсімдері" бабында жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша кірісі" баптары бойынша ескерілмеген барлық өзге де түсімдер көрсетіледі;

2) қолма-қол ақша шығысының баптары:

"Тауарларға, көрсетілетін қызметтерге және орындалған жұмыстарға ақы төлеуге беру" бабында заңды тұлғалар мен барлық меншік нысанындағы дара кәсіпкерлерге тауарларға, көрсетілетін қызметтер мен орындалған жұмыстарға есеп айырысу үшін, шаруашылық және өкілдік шығысқа, оның ішінде заттарды, асыл тастар мен бағалы металдарды, өнер заттарын, антиквариат пен қолөнер бұйымдарын сатып алуды жүргізуге, кәдеге жарату шикізатын, металл сынықтарын дайындауға, халықтан шыны ыдыстарды сатып алуға құқығы бар заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Шоттардан беру" бабында Ұлттық пошта операторының жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің ағымдағы, карточкалық шоттарынан қолма-қол ақша беруі, салымдар мен олар бойынша сыйақыны қайтаруы көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасы бойынша жеке тұлғаларға ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) бір жолғы аударым бойынша қолма-қол ақша беру" бабында Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардан ақша аударымдары бойынша түсімдер есебінен (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Жеке тұлғаларға ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) шетелден бір жолғы аударым бойынша қолма-қол ақша беру" бабында ақша аударымдары жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі басқа тұлғалардан ақша аударымдары бойынша түсімдер есебінен (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Қарыздар беру" бабында жеке, заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мақсаттарға ағымдағы шоттан қолма-қол ақшамен қарыздар беру көрсетіледі;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің шоттарынан электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Қызметкерлермен есеп айырысу үшін қолма-қол ақша беру" бабында еңбекақыны, еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде аурухана парағы бойынша төлеуді, іссапар бойынша шығысты өтеуді немесе төлеуді, демалыс төлемдерін, сыйлықақыларды, қосымша ақылар мен үстемеақыларды, өтемақыларды, жәрдемақыларды және басқасын қоса алғанда, еңбекке ақы төлеудің барлық түрлері бойынша есеп айырысу үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарынан қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша шығысының" баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақша беру" бабында жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша шығысының" баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақшаның өзге де берілуі көрсетіледі.

13. 2-кестенің 4-жолы мынадай кіріс және шығыс баптарына жіктеледі:

1) қолма-қол ақша кірісінің баптары:

"Электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатудан түсетін түсімдер" бабында Ұлттық пошта операторының меншікті айырбастау пункттерінен сатылған шетел валютасы үшін қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде қызметті тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың шетел валютасын сатудан түсетін түсімдері" бабында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардан сатылған шетел валютасы үшін қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына қолма-қол ақша түсімдері" бабында Ұлттық пошта операторының операциялық кассаларын нығайту үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына оның кассалық бөлімшелерінен және екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақша түсімдері" бабында:

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына оның Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан дербес операциялық кассаларынан (қолма-қол ақшаның Ұлттық пошта операторының желісі бойынша қозғалысы: бас

офистің кассасы, филиалдың кассасы, Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан кассасы);

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

2) қолма-қол ақша шығысының баптары:

"Есепті кезеңнің соңындағы операциялық кассадағы қолма-қол ақша қалдығы" бабында есепті кезеңнің соңындағы Ұлттық пошта операторының операциялық кассасындағы қолма-қол ақша қалдықтары көрсетіледі;

"Электрондық құрылғыларды тиеу үшін қолма-қол ақша беру" бабында электрондық құрылғыларды нығайту үшін қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының өз айырбастау пункттеріне шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беруі" бабында өз айырбастау пункттеріне шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беруі көрсетіледі;

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде қызметті тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беру" бабында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларға шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасына қолма-қол ақшаны тапсыруы" бабында Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасына берген қолма-қол ақша сомасы көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан оның кассалық бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларына қолма-қол ақша беру" бабында:

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан оның Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан дербес операциялық кассаларына (қолма-қол ақшаның Ұлттық пошта операторының желісі бойынша қозғалысы: бас офистің кассасы, филиалдың кассасы, Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан кассасы);

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларына қолма-қол ақша беру көрсетіледі.

14. 1-кестенің 9-жолында көрсетілген барлық клиенттік кіріс операциялары бойынша (электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдерін қоспағанда)

және 2-кестенің 5-жолында көрсетілген барлық кассалық кіріс операциялары бойынша жиынтық сома 1-кестенің 9-жолында көрсетілген барлық клиенттік шығыс операциялары бойынша (электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақшаны беруді қоспағанда) және 2-кестенің 5-жолында көрсетілген барлық кассалық шығыс операциялары бойынша жиынтық сомаға тең.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 102 қаулысына
қосымша

Күші жойылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы қаулысының жекелеген құрылымдық элементінің тізбесі

1. "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10117 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 155 қаулысының 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12084 болып тіркелген).

3. "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 138 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17369 болып тіркелген).

4. "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 111 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26011 болып тіркелген).

5. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті

ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 98 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33869 болып тіркелген).

6. "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 82 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35554 болып тіркелген).